

**"Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Есіл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № а-4/151 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы № а-2/43 қаулысы  
«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына сәйкес, Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Есіл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № а-4/151 (2015 жылдың 8 мамырда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4786 болып тіркелген, «Жаңа Есіл» газетінде 2015 жылғы 1 маусымда жарияланған) қаулысының күші 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Осы қаулының көшірмесі Ақмола облысының Әділет департаментіне жіберілсін.

3. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау Есіл ауданы әкімінің орынбасары С.К.Ағымбаеваға жүктелсін.

4. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А.Қалжанов*